

МРНТИ 14.07.07

АШЫҚТЫҚ – БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҚОҒАМ ҚҰРУДЫҢ АЛҒЫШАРТЫ

К.С. Қудайбергенова

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
kulzada24@mail.ru

Ашықтық ұғымы философиялық және психологиялық шығармаларды талдауға негізделген метатанымдық тұрғыда қарастырылады және оның мағыналық табиғаты эмпирикалық пайымдау арқылы қорытылады. Нормативтік құжаттарды соның ішінде, мемлекеттік міндетті орта білім стандартын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды зерделеу негізінде ашықтық демократиялық қоғам құрудың қажетті шарты ретінде пайымдалады. «Ашықтық» ұғымын зерттеудің әдістемелік және теориялық негіздерінің бағыттары мен қағидалары осы ұғымды субъектінің қасиеті, сапасы және қоғаммен өзара әрекеттестік ретінде зерттеу мүмкіндіктерін көрсетеді. Білім беру жүйесіндегі ашықтық қағидаты сыртқы форманы өзгерту құралы, ұйымдастырудың және тексерудің стихиялы факторы ретінде әдіснамалық негіздемесіз қолданылатындығына назар аударылады. Ашықтық қағидатының сана ашықтығына бағытталуы, ішкі мотивтің белсенділігінің сыртқы позицияның сананы өзгерту үшін жеткіліксіздігі негізделеді.

Түйін сөздер: ашықтық, сана, жабық қоғам, гипноздық ұйқы, әлеуметтік аномия.

Кіріспе

Білім беру жүйесіндегі парадигмалық өрістің кеңеюі мектеп мұғалімдері мен ЖОО оқытушыларына өзінің практикалық қызметімен үйлескен педагогикалық шығармашылыққа деген еркіндікке мүмкіндік берді. Білім беру ұйымдарының тәрбиешілері, мұғалімдері, оқытушылары, басшыларының практикалық тәжірибелері баспа беттерінде ғана емес, әртүрлі сайттарда, юу-туб ресурстарының арасында да көптеп кездеседі. Бұл педагогтердің практикалық зерттеушілік әрекеттерін жария етудегі, әріптестерімен бөлісудегі, дамудағы, өсудегі ашықтығын аңғартады, білім беру үрдісінде өзінің жалғыз емес екендігін сезінуге мүмкіндік береді.

Жаңартылған білім беру үдерісінің негізгі қағидаттарының бірі де - өз білгенінді ортаға салу, ынтымақтастықта бірлесе отырып, қоғам немесе жеке адам алдындағы мәселелерді шешуде белсенділік таныту. Бұл белсенділік - оқулықтағы білімді қабылдаудағы белсенділік емес, адамдардың қажеттілігін қанағаттандырудағы, өзінді жүзеге асырудағы *ашықтық*. Өзін жүзеге асыру жаңартылған білім мазмұнының іргелі негіздерінің бірі болса, ашықтық мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартында белгіленген 6 түрлі құндылықтың (*қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек пен шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білім алу*) бірі болып табылады. Білім стандартының 33-пунктінде білім берудегі құндылықтарды дарыту негізінде білім алушыларда дамытудың төмендегідей 10 түрлі қажеттілігі нақтыланған:

- 1) Қазақстан мүдделеріне қызмет етуге дайындығы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясының нормалары мен заңдарын құрметтеу және сақтау;
- 3) Әлеуметтік жауапкершілік және шешім қабылдау білігі;
- 4) Мемлекеттік тілді меңгеруге ынталануы;
- 5) Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүрлерін, әлемнің мәдениеттілік алуан түрлілігін құрметтеуі;
- 6) Рухани келісім және толеранттылық идеяларына бейімділік;
- 7) Қоршаған ортаға және экологиялық тепе-теңдікті сақтауға оң қарым-қатынасының болуы;
- 8) Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау;
- 9) Коммуникативтік және ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен технологияларды тиімді қолдана білу;

10) Өмір бойы білім алуға және өзін-өзі ынталандыруы [1].

Дегенмен, ашықтық құндылығына деген қажеттіліктің мән-мағынасын сипаттаушы белгілері айқындылықты талап етеді. Бұл ашықтық ұғымының тұрмыстық сөз түрінде қолданыста болғанымен, педагогика ғылымының объектісі ретінде ұғымдық, ұстанымдық тұрғыда талданып, зерделенбегендігін байқатады.

Ашықтық философиясы

Ашық білім беру білім алушылардың білім алудағы ерік-жігерін пайдалану қажеттілігінен туындап отыр. Оқу үдерісіндегі білім алушылардың оқулыққа бағытталған білім берудің орнына оқу үрдісінде практикалық тәжірибесін жинау, білімнің эмоционалды бояуын, технологиялық жетістігін сезіну, білімнің әлеуетті бағыттары бойынша сұрақтар туындата отырып, білім беру мен әлеуметтік орта арасын байланыстырудағы өз таңдауын жасау, өз таңдауына өзі жауап беруді қалайды. Мұндай таңдау еркіндігі мен бағыт-бағдар оқудың жақсаруына ықпал етеді деген үміт басым.

Ашық білім беру философиясының негізін білім беруді реформалаушы Джон Дьюи мен дамытушы психолог Жан Пиаже еңбектерінен іздеуге болады. Ашық білім беру философиясы оқушылардың өз бетімен білім алуына бағытталған және мұғалімді білім үрдісіндегі қолдау беруші, қадағалаушы, бағыттаушы ретінде қарастырады. Оқу үрдісіндегі мұғалімдердің негізгі қызметі – білім алушы әрекетін басшылыққа алып, әдіс-тәсілдердің қаншалықты әрекетке жеткізіп отырғандығын қадағалау, туындаған ситуацияларды реттеп, қажеттіліктеріне назар аудару және қанаттандыру, бағыттау, қажетті ресурстармен қамтамасыз ету. Ашықтық ұстанымы негізінде оқушының танымдық аймағы дамуы ғана емес, оның жеке басы, эмоциялық аймағы дамуына да қолайлы мүмкіндіктер жасалады. Ашықтық, тұлғааралық қарым-қатынаста оқу үрдісіндегі субъектілердің әрқайсысы белгілі бір жолмен екіншісін жандандырып, *байытатын екі тең адамдардың* диалогын орнатуға бағытталады. Оқу үдерісінде мұғалімдер тарапынан байқалып жататын (*әрине, мұғалім профессионал, мамандыққа 4-5 жыл оқыды, біледі, терең түсінеді, көп жағдайда осы біліктіліктері мұғалімнің адами сапасынан жоғары тұрады, мұғалімдер білгенін пұлдайды*) артық үстемдікті тежеп, төзімділік танытуы, білім алушының білім алуына, ізденуіне өз үлестерін қосуы ашықтық ұстанымының негізі болып табылады.

Ашықтық әлемдік деңгейде

Зиглер және басқалар (2012) ұсынған қоршаған ортаны байыту болжамында ашықтық танымдық қабілеттердің дамуына оң әсер етеді деп тұжырымдалған, яғни, байытылған ортаны құру (мысалы, оқу) қосымша оқу қызметіне қатысу мүмкіндіктеріне әкеледі. Ғалымдардың пайымдауында, бұл үрдіс, әсіресе есейген шақ пен ұлғайған кезеңдерде күшті болады деп болжануда, өйткені бұл уақыт кезеңдері қызметке тұру немесе зейнетке шығу сияқты өмірлік жағдаяттарға сай өзгерістермен сипатталады [2]. Жоғары ашықтық ортаны байыту (ақпарат арқылы) болжамы бойынша ашықтық пен танымдық қабілеттіліктің арасындағы даму қатынасын Бейкер және Бишсел (2006), Зиглер және басқалар (2012) қолдайды [3; 2].

Рейн және басқалар (2002) балалардың танымдық дамуын зерттеу барысында 3 жастағы балаларды ынталандыруға деген ұмтылыста көрінетін жоғары қызығушылық 11 жаста жоғары танымдық қабілеттермен қатар жүретіндігін көрсеткен [4]. Нейсер және т.б. (1996) «қоршаған ортаны байыту» терминін білім берудің байытылған ортасы балалардың интеллектісіне әсерін сипаттау үшін қолданған [5].

Зиглер (2012) қоршаған ортаны байыту болжамға қатысты зерттеулерін ұлғайған жастағы азаматтар арасында жүргізу барысында, ашықтықты іс-шаралармен байланыстыра (мұражай, көрмелер мен концерттерге бару немесе нақты көркемдік қатысудың қандай да бір түрі [2;180.] отырып, қоршаған ортаны байыту ұлғайған жастағы азаматтардың өмірін байытады деген қорытындыға келеді.

Артече және басқалар (2009) ашықтықты маңызды аспект болып табылатын типтік интеллектуалды қатынас сияқты белгілермен байланысын қарастыратын болса [6], Виникайнен мен Кокконың (2012) жеке жұмыссыздыққа қатысты зерттеуінде, ашықтық өмір бойына

жұмыссыздықтың көп кезеңдерін болжайды, бірақ жұмыссыздықтың әр жеке кезеңінің ұзақтығына әсер етпейді деген болжам жасайды. Вииникайнен мен Кокко (2012) «ашықтықтың жоғары деңгейлері адамдарды жеке тәжірибелерінде үзілістерге әкеліп соқтыратын жаңа тәжірибе мен жаңа қиындықтарды іздеуге ынталандыруы мүмкін» деп мәлімдейді [7; 1214].

Осылайша, ашық адамдар жұмыс орындарын өзгертуді қауіп емес, мүмкіндік ретінде қарастырады және жұмыссыздық кезеңін оңтайлы қолдана алады. Робертс және басқалардың нәтижелері (2003) жұмыссыздықтың ұзақтығына қарай ашықтықтың төмендейтінін көрсетеді [8]. Томпсон 2012 ашық білім беру стандартталмаған іс-әрекеттерді, шығармашылық қабілетін дамыту, жеке оқу бағдарламасын қалыптастыру, оның даму ырғағын, оқыту формалары мен әдістерін өз бетінше таңдау мүмкіндігін болжайды деп атап көрсетеді [9].

Ашықтық және технология

Технологиялық бағдарламалардың дамуы - қол жетімді ашық білім беру жүйесінің тиімділігін арттыруда маңызды. Технологиялық бағдарламалар кедергілерді жою арқылы білім беруді таратудың абсолютті ашықтығын қамтамасыз етеді. Бұл технологиялар, негізінен, веб-сайттарға негізделген және әртүрлі мақсаттарға қызмет етеді. Мысалы білім саласындағы азаматтар үшін, әлемдік ғылыми ақпараттар, білім бағдарламалары, білім берудің мыңдаған түрлі әдіс-тәсілдерімен алмасу, пайдалану мүмкіндіктері қарастырылған. YouTube каналы арқылы бейне роликтер мен тақырыптық спикерлер, сыныптағы іс-шаралар, тақырыптық пікірталастар және мұғалімдермен сұхбаттасу қамтамасыз етілген. Білім алушылар қашықтықтан Skype немесе Google, ZOOM т.б. электрондық пошта арқылы желідегі топтарда немесе әлеуметтік бетбелгі сайттарындағы аннотациялар арқылы байланыса алады.

Фредрик В.Бейкер III «Соңғы 100 жылдағы білім берудегі ашықтық» мақаласында ашық білім беру ресурстарының табиғаты туралы баяндайды. Мұғалімдердің білім ұйымдарының әлемдік білім беру қауымдастығы желісін құруды ашықтық үрдісінің бір бөлігі деп қарастырады. Жаңа технологияларды реттеуге байланысты мекемелер, мемлекеттер және халықаралық ұйымдардың қызметтері сол ресурстарды реттеу арқылы олардың өміршендігін ұзартады. Ашық білім беру парадигмасы және оның салдары тәрбиешілер мен оқушылар үшін технологиялық инфрақұрылымға қол жеткізудегі еркіндік пен ашықтықты білдіреді деген тұжырым жасайды [10].

Бүгінгі таңда Үкіметтер, мекемелер мен адамдар білімнің маңыздылығын мойындап, ашық білім беру жүйесінің мүмкіндіктерін кеңейту жолдары заңнамалық – нормативтік құжаттар негізінде бекітіліп отыр. Мысалы, «Ресей Федерациясындағы білім туралы» 2012 жылғы 29 желтоқсандағы №273-ФЗ Федералдық заңының 29 - бабы білім беру ұйымдарының ақпараттық ашықтығын реттейді, ашықтық принципінің мазмұнын ашады. Осы бапқа сәйкес білім беру ұйымдары өздерінің қызметі туралы ақпаратты қамтитын ашық және жалпыға қол жетімді ақпараттық ресурстарды қалыптастырады және оларды ақпараттық-телекоммуникациялық желілерге, оның ішінде Интернеттегі білім беру ұйымының ресми сайтына орналастыру арқылы осындай ресурстарға қол жетімділікті қамтамасыз етеді [11].

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында ашықтық пен айқындылықты қамтамасыз ету үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартында (ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 174 бұйрығы) ашықтық ұстанымы - студенттер мен оқытушылар арасындағы ашықтық, өзара сенім, ақпараттар мен идеялармен ашық алмасу деген мағынада ашылады [12].

Ашық қашықтықтан білім беру білім алушыны өзінің этикасы, ережелері, реттеушілері бар электронды мәдениет жағдайына бейімдейді. Осының арқасында ақпараттың қажеттілігін, оны ұйымдастырылған іздеу мен өңдеудің адекватты іске асыру дағдыларын қалыптастыру арқылы тұлғаның өздік даму траекториясын анықтауға мүмкіндік береді. Жеке тұлғаның өзі ақпарат көзі, медиаторға айналады, оны бағалайды, таңдайды, жіктейді, біріктіреді. Сөйтіп, ашық білім жүйесіндегі білім алушы ашық жүйенің негізгі жүйе құраушы элементіне айналады, ол жаңа білім критерийлеріне сәйкес келетін жаңа ақпараттар құра алады.

Ашық университет

Әлемде мыңдаған адамдар ашық білімді таңдауда, өйткені бұл жұмыс орнында оқуға, отбасылық оқуға мүмкіндік береді және барлық жастағы адамдарға қолайлы. 2016 жылы Ұлыбританиядағы студенттердің 50% қашықтықтан оқыту қызметін, Үндістанда - 35%, Пәкістанда - 25% қолданды. Көптеген елдерде қашықтықтан оқытуды да, аралас оқытуды да қолданатын мамандандырылған ашық университеттер бар.

Ұлыбританиядағы жоғары білім алуға арналған Ашық Университет (OU) - бұл қоғамдық зерттеу университеті, оның көптеген курстарын (студенттерге де, аспиранттарға да) әлемнің кез келген жерінде алуға жағдай жасалған. Ұлыбританияның ашық университетінің миссиясы: «Ашық университет - адамдарға, орындарға, әдістер мен идеяларға ашық». Ұсынылып отырған білім берудің айрықша ерекшелігі білім алушының өзіндік жұмысына негізделген аралас оқыту, білім алушының оқу материалдары арнайы әдебиеттермен, аудио және видео кассеталардағы жазбалармен, компьютерлік бағдарламалармен қамтамасыздандырылған. Оқу үдерісінде студенттер тобына бекітілген мұғалім-кеңесші (тәрбиеші) де маңызды рөл атқарады. Оқыту қадағалау принципі бойынша жүзеге асырылады: лектор сабақ жүргізеді, курстың мазмұнын қалыптастырады, ал тьютор студенттермен байланыс орнатады, сұрақтарға жауап береді және мәселелерді шешуге көмектеседі. Оқыту процесінде студенттер теориялық модельдерді өздерінің басқару қызметіне қолдана білуге машықтанады, сонымен бірге теорияны тереңірек түсінеді, өз ұйымының жұмысын жақсарту үшін тиімді шешімдер іздейді.

Азия елдерінде ашық білім беру әртүрлі әлеуметтік топтарға, оның ішінде өмір сүру деңгейінің төмендігіне, университеттен қашықтыққа немесе басқа шектеулерге байланысты дәстүрлі білім алуға қиындықтарға тап болғандарға бағытталған. Allama Iqbal Open University - Исламабадта орналасқан Пәкістанның ең ірі қоғамдық зерттеу университеті. Университет әлемдегі ең үлкен төртінші жоғары оқу орны болып табылады, оның 1 326 266 студенті бар (2016), олардың көпшілігі әйелдер. Бұл университет оқытуда аралас технологияларды қолданады және Азия елдерінде оған деген қажеттілік өте жоғары болып қала беретін болашақ мұғалімдерді дайындауға ерекше назар аударады. Бұл ең ірі және әйгілі ашық университеттердің мысалдары, іс жүзінде олардың саны әлдеқайда көп: Шанхай, Израиль, Оңтүстік Корея, Непал, Замбияның және т.б. ашық университеттері өз елдерінен тыс жерлерде де белгілі. Ашық білім беру халықтың өсу қарқыны, дәстүрлі жүйенің барлығына жоғары білім алу мүмкіндігін ұсына алмауы, кәсіби оқытушылар құрамының жетіспеушілігі секілді қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталып отыр [13].

Методология

Ашықтық дегенді қалай түсінеміз?

Қазақстанның ЕҚЫҰ-ның төрағалығына кірісуіне орай Н. Назарбаев: «Демократиялық қоғам орнату – біздің халқымыздың саналы таңдауы, мұндай мақсатқа қол жеткізу қоғамда *ашықтық* құндылықтары орын алғанда ғана болатыны белгілі» деп атап көрсеткен [14]. Осы айтылған ойды жүзеге асыруда, ашықтық сөзі теориялық талдаусыз, практикалық қолданысқа еніп, *«біз жаңа ойлар мен көзқарастарға, әріптестікке және серіктестікке ашықпыз. Ашықтық – біздің басты құндылықтарымыздың бірі»* деген секілді ұранды мағынаға ие болды.

Білім беру кеңістігіндегі ашықтық идеялары бүгінгі түрлі деңгейде әртүрлі ғылым саласы арқылы ашықтық принципі талқыланып, кристалдана түсуде. Алайда, "ашықтық" дефинициясының өзі әлі күнге дейін бір мәнге ие болды деу артық. Мысалы, философиялық ғылымдарда ашықтық (нем. *Offenheit*, ағылш. *openness*, франц. *ouverture*) жалпы мәдени ұғым ретінде түсіндіріледі. "Ашықтық" терминінің пайда болуы 1932 жылы "ашық қоғам" ұғымын ғылыми айналымға тұңғыш рет енгізген А.Бергсон [15] концепциясымен және К.Поппердің [16]. «ашық қоғам» теориясымен байланысты. Олар әлеуметтік және биологиялық метафораларды бір уақытта тірі ағзамен және әлеуметтік жүйенің ерекше түрімен салыстыра отырып, қоғамға қандай да бір сипаттама беруге тырысады. Соның негізінде "ашықтық" және "жабықтық" ұғымдарының айырмашылықтарын ажыратады. «Жабық қоғам», А.Бергсон бойынша, моральдық нормалар мен діни табуларға сәйкес өмір сүретін жүйе ретінде қарастырылады. Орталық жүйе жүйесінің бұйрықтарына бағынатын тірі организм сияқты, жабық қоғам еңсерілмейтін социобиологиялық

заңдар бойынша жұмыс істейді. "Мораль мен діннің екі көзі" жұмысында А. Бергсон, адам ортасының ілгерілеуі қоғамның ашықтығы идеясында, адамзаттың рухани мәдениетіне нұқсан келтіретін жасанды қажеттіліктерден бас тартуды басты қағидаттар ретінде жариялайтын моральда ғана көрініс табады деген қорытындыға келеді [15]. И.Пригожин, И.Стенгерс, Хакен «ашықтық» феноменін синергетикалық көзқараспен байланыстырады [17].

Мысалы, Е.В. Коротаев XX ғасырдың 60-70 ж.ж. кеңестік білім беру жүйесінің тұрақты, тепе-тең жағдайын атап өтеді [18], онда жекелеген сатылар: мектепке дейінгі, орта білім беру және жоғары оқу орындары Хакен мен И. Пригожиннің пікірі бойынша "гипноздық ұйқы" жағдайында дербес өмір сүрді. Шындығында, кеңестік білім беру жүйесінің тиімділігі тек бізде ғана емес, шетелде де мойындалды. Кеңестік білім беру жүйесі өзінше бір микро әлем ретінде өмір сүріп, қоғам, әлем өзгерістерімен бірге өзгеру қажеттілігін сезіне алмады [5]. Алайда, 1980 ж.ортасынан бастап қоғамдық өмірдің барлық саяси-экономикалық салаларын қамтыған өзгерістер дәуірінің білім беру жүйесіне әсері болмай қалған жоқ. Бұл кезең И.А.Кох еңбектерінде «әлеуметтік аномия кезеңі» (фр. Anomie - заңсыздық, заңсыздық) деп аталады [19].

Сол кездегі болып жатқан оқиғаларға орталықтың барабар реакциясының белгілі бір кешігуі білім беру жүйесінің өзін-өзі ұйымдастыруға мәжбүр болуына әкелді. Шығармашыл талантты ұстаздар белсенділігінің арқасында көптеген жеке меншік, авторлық, атаулы мектептер (Қ.О.Бітібаева, Е.А.Очкур, Архимед) қызметтері жандана түсті, білім беру саласындағы өздік даму бағдарламалары пайда бола бастады. Бірнеше мәрте білім стандарттары (1992, 1998, 2002, 2008, 2013, 2016), білім тұжырымдамалары қабылданып, білім беру жүйесіндегі үздіксіз реформалар трендке айналды. Бұл реформаларда негізінен ішкі қажеттіліктерге қарағанда әлемдік қажеттіліктерді қанағаттандыру басымдық танытты. Негізгі стратегиялық мақсат әлеммен терезесі тең білім жүйесін құру талпынысынан туындады [20].

Мұндай бастамалар «құбылыс» ретінде және «түсінік» ретінде «ашықтықты» зерттеуге ерекше жол ашты. А.А. Рахкошкин атап өткендей, Батыс Еуропа елдеріндегі "ашықтық" ұғымының алғашқы әлеуметтік-педагогикалық түсіндірмелері XIX ғасырдың басына жатады. "Сенім ұстанымына негізделген, «ашықтық» этикалық норма болып жарияланды" [21]. Шетел психологиясында «ашықтық», экстраверсия, мейірімділік, адалдық, невротизммен қатар, (L. R. Goldberg, J. Palmer, I. Palmer және т.б.) адамдарды бірдей қабылдау қабілетін сипаттайтын жеке мінездеме ретінде түсіндіріледі. Психологтардың пікірі бойынша жеке тұлға ашықтығының ерекшелігі (L. R. Goldberg), ол нақты тәжірибеден тыс абстракциялық ойлау қабілеті басымдылығында [22, 23].

«Ашықтық» терминін түсіну аясы өте кең: стандартталған алмасу ашықтықтығынан (ашық жүйелерде) жеке ізгілік ашықтыққа дейін (антикалық философия, философия) аралықты қамтиды. У.Эко пайымдауында - өнер туындысы жаңа мағыналар жасауға жаңа мүмкіндіктер әлемін жасауға ашық: суреттің көрермені, романның оқырманы, музыканың тыңдаушысы болғанша өмір сүреді, яғни, ашықтық, адамның қызмет субъектісі ретінде қарастырылады [24].

Ашықтықтың психологиялық және антропологиялық аспектілері өзара байланысты түсіністік, сұхбаттасу қабілеті, жанашырлық, қабылдауға дайындық пен мәдениеттануда - толеранттылық және көпмәдениеттілікпен сипатталады.

Ашықтық адамның **жеке басының қасиеті** ретінде қарым-қатынасқа оңай кіру, өз пікірін, сезімі мен эмоциясын шын жүректен және ашық білдіру, ортақ тіл таба білу және т.б.

Ашықтық социологиялық категория ретінде субъектінің **қоғаммен өзара әрекеттесуіндегі белсенділікпен** сипатталады

Педагогикада **тұлғаның қалау қасиеті** - ашықтық білім беру нәтижелерінің бірі.

Ашықтық дегеніміз - қызмет субъектісіне, қызмет ету ортасына немесе қызмет мазмұнына тән сипаттама.

Ашықтық - **қоршаған ортаға біріктірілген** қол жетімділік (ашық білім, ашық қол жетімділік, ашық көздер және т.б.).

Ашықтық – **субъект сапасына** қатысты жаңа нәрселерді қабылдау (білім, инновация, ойлау философиясы, когнитивті ғылым) қабілеті.

«Кәсіби және шығармашылық ашықтық» - ғылыми қызметтің этикалық қағидаларының бірі, **ғалым құзыры**.

Ашықтық - шынайылық, туралық ретіндегі **жеке қасиет ретінде** - қоршаған ортаға және мазмұнға тәуелсіз **субъектінің сапасы**.

Ашықтық - адамның өзін-өзі қамтамасыз етпеуі (экзистенциализм, философиялық антропо- логия)

Ашықтық - жүйелер мен әлемдегі жаңа қабілеттердің пайда болу кезіндегі жаңа сапаларға және қасиеттері ие болуы (синергетика [21])

Ашықтық - бөліктің тұтаспен байланыстылығы, одан бөлінбеуі (А.Бергсон [15], К.Поппер [16] - ашық қоғам)

Ашықтық **«болмыстың» қасиеті** ретінде (ашық материк, ашық принцип, ашық элемент)

Ашықтық қағидат ретінде толық емес болу (К.Ясперс [25], экзистенциализм философиясы)

Ашықтық - берілген мағыналарды түсіну, мағынаны табу мүмкіндігі ретінде (белгіге, семиотикаға қатысты);

Ашықтық - әлеммен бірге болу, бір нәрсе үшін «жарық сәуле» (М.Хайдегер [26]).

Ашықтық - бастапқы принциптер мен негіздердің толықтырылуы (өзгергіштігі), бейімділік ретінде (И.Пригожин, В.Г.Буданов [27]).

Ашықтық - ашылу мүмкіндігі ретінде (мәдениет философиясы, өнер тарихы).

«Ашықтық» ұғымының біздің санамыздағы бейнесі нақты көрініс таппағандықтан, жете түсінбегендіктен ұғым ретіндегі беделінің арту мүмкіндігі әлсіздік танытады. Ашықтық ұғымына жасалған шолулар ашықтықты - қасиет, субъект сапасы, қоғаммен өзара әрекеттесудегі белсенділік, ретінде зерттеу мүмкіндіктерін көрсетеді.

Н.Назарбаев (2017) бағдарламалық баяндамасында сана ашықтығы түсінігінің үш түрлі ерекшеліктеріне мән береді. Біріншіден, планетадағы, әлемдегі, елдегі болып жатқан өзгерістерді түсіну. Екіншіден, сананың ашықтығы - бұл жаңа технологиялық тәртіптің әсерінен болатын өзгерістерге дайындық. Үшіншіден, басқа біреудің тәжірибесін қабылдау, өзгелерден үйрену қабілеті деп атап көрсетеді [28].

Бүгінгі таңда отандық психологиядағы "ашықтық" дефинициясы жаңа, әдеттен тыс немесе тіпті жағымсыз нәрсе қабылдай алатын индивидтің сипаттамасы ретінде түсіндіріледі және адамға оңай қарым-қатынас жасауға, өзінің жеке көзқарасын, пікірін шынайы білдіруге және баға беруге мүмкіндік беретін жетілген тұлғаның сапасы болып табылады. Ашық адамдар, әдетте, қарым-қатынаста тиімді, түсінуге, қолдауға және өзара іс-қимылдың басқа да оң формаларына қабілетті. Өткен ғасырдың соңынан бастап "ашықтық" термині жаңа мағынаға ие болады. Ол білім беруді ізгілендіруге, оның мазмұнын нақты өмірге жақындатуға, білім беру бағдарламаларының икемділігіне, мектептің әлеуметтік институт ретінде тұйықталуын жеңуге бағытталған көптеген педагогикалық тұжырымдамалардың белгілеріне айналып, әрекет етуде.

Білім берудегі "ашықтық" терминін дамытудың келесі кезеңі ақпараттық қоғамның қалыптасуына, өмір бойы үздіксіз білім беруде жаппай қажеттіліктің туындауына, білім беру жүйесіне өзінің технологиялық базисін түбегейлі жаңғыртуға, оқытудың ашық ақпараттық-педагогикалық технологияларына (желілік ақпараттық технологиялар, қашықтықтан оқыту нысандары және т.б.) көшуге мүмкіндік беретін жоғары сапалы ақпараттық-білім беру ортасын құру міндетіне байланысты. Бүгінгі күні *білім беру қоғам өзгерістерімен қатар өзгеруге қабілетті ашық жүйе ретінде* қарастырылады.

Білім берудің "ашық үлгісі" болашақ білім ашықтығын, әлеммен байланысын, адамның, табиғат пен қоғамның тұтастығы мен өзара байланысы туралы түсініктерді дамыту мен білім беру процестеріне енгізуді көздейді. Білім беру жүйесінің *ашықтығы оның қалыптасуының тұрақтылығын емес, кез келген сәтте дамуға және сыртқы ортамен одан әрі өзара іс-қимыл жасауға ашық* екенін білдіреді.

А.А. Рахкошкин «ашықтық» ұстанымының үш негізгі деңгейде жүзеге асырылатынын атап көрсетеді:

- білім беру жүйесінің ашықтығы;
- білім беру ұйымының ашықтығы;
- білім беру процесінің ашықтығы [21].

Қазіргі жағдайда қалыптасатын ашық білім беру жүйесінің ерекшелігі оның білім беру проблемаларын шешуге әртүрлі әлеуметтік институттарды (отбасы және тұтынушылар және т.б.)

тарту, сондай-ақ білім беру процесін ұйымдастыруда және қолдауда оқу орындары мен білім алушылардың өздерінің рөлін қайта қарау қажеттілігіне бағытталуы болып табылады.

Ашық білім беру жүйесі ең алдымен мынадай мәселелерді шешуге бағытталған:

- ХХІ ғ. адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын білімге қол жеткізуді ұйымдастыру (білім адам өмірінің барлық кезеңінде ерте балалық шағынан қол жетімді болуы тиіс);
- білім берудің барлық деңгейлерінде барлық адамдар үшін білімге қол жеткізудің теңдігін қамтамасыз ету;
- білім беру сапасын арттыру және оның қоғам сұраныстарына сәйкес келуіне қол жеткізу;
- білім беру жүйесінің тиімділігін, өнімділігін арттыру.

Қорытынды

Ашықтық гуманистік педагогиканың іргелі қағидаттарына негізделген инновациялық теориялар мен жүйелердің жетекші принципі болып табылады. *Ашықтық – өзіндік пікірі, өзіндік мені толық қалыптаспаған адамды әлеуметтендіру мен тәрбиелеу үшін түсініксіз мүмкіндіктер туғызады.* Бұған мысал ретінде бірнеше саты жоғары тұрған, дамыған алдыңғы қатарлы батыс елі ұстанымдарының жаңартылған білім мазмұнына ендірілуі түсінікті кеңейтіп, білім саласындағы кейбір азаматтардың салт-санасын өзгертуге түрткі болған болар, дегенмен, ішкі түрткі оянбайынша сыртқы ұстанымның сананы өзгертуге әлі жетпейтіндігі айдан анық. Бұл ұстанымдар *астарсыз, стихиялық фактор ретінде форманы өзгерту, ұйымдастыру және тексеру құралына айналып отырғандығын, соңғы 7 - 8 жылдық тәжірибе дәлелдеп отыр. Шындықты айтуға, шынайылыққа көз жеткізуге әлі де сыртқы мотив талап етіледі.* Бұл жердегі мәселе, алдымен, адамдардың өзін-өзі реттеу арқылы ой-сананы жетілдіру. Қазақтың *«сана берсін, сана бермесе ала берсін»*, деген сөзі бекер емес.

Білім беру ұйымдары мен әлеуметтік орта арасындағы ашық өзара байланыс жүйесін ұйымдастыру тәрбие мен өмір бірлігі идеясын іске асыруды қамтамасыз етеді. Дегенмен, негізгі проблема - осы ашық байланысты орнату тетігі, әлі де ғылыми-практикалық негіздеменің таяздығы. Бұл тек білім ұйымдары тарапынан шешімін табатын мәселе емес және бұл қандай да бір формадағы алып-қашты іс-шарамен де шешілмейді. Өйткені, *«ашықтық» инновациялық теориялар мен жүйелердің басқа да қағидаттарының өсу, ынтымақтастық, жаһандық қажеттілігін қанағаттандыруға негізделген.*

Ашықтық қағидаты демократиялық қоғам жағдайында толық жүзеге асырылады және **баланың жаһандық болашағының кепілі** бола алады. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің ашықтық қағидатын негізгі құндылықтар ретінде алға тартуын, біріншіден *саналы демократия баспалдақтарының бастауы*, екіншіден, *әрбір баланың, ой арманын, мақсат, мұратын дамыту үшін жасалып жатқан жағдайлардың бірі, бірегейі* деп түсіну қажет.

Жалпы алғанда, педагогикалық жүйенің ашықтығы оның өмірмен тығыз байланысын білдіреді. *Ашықтық адамдарды бір-бірінің жақсылығын көруге, содан үйренуге, содан ләззат алуға бейімдейді.* Дүниенің ашықтығы басқа адамға сенімділік ұялатады деп ойлаймын. **Ашықтық - шексіздік емес**, екеуінің арасындағы елеулі айырмашылықты ажырата білген дұрыс. Егер білім барлық адамдарға кемсітусіз және ақылға қонымды жағдайларда қол жетімді болса, ашық болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген.
2. Matthias Ziegler, Erik Danay, Moritz Heene, Jens Asendorpf, Markus Bühner, Openness, fluid intelligence, and crystallized intelligence: Toward an integrative model, *Journal of Research in Personality*, Volume 46, Issue 2, 2012, Pages 173-183, ISSN 0092-6566, <https://doi.org/10.1016/j.jrp.2012.01.002>.
3. Thomas J. Baker, Jacqueline Bichsel, Personality predictors of intelligence: Differences between young and cognitively healthy older adults, *Personality and Individual Differences*, Volume 41, Issue 5, 2006, Pages 861-871, ISSN 0191-8869, <https://doi.org/10.1016/j.paid.2006.02.017>.

4. Raine A., Reynolds C., Venables P.H., Mednick S.A. (2002). Stimulation seeking and intelligence: A prospective longitudinal study. *Journal of Personality and Social Psychology*, 82(4), 663–674. <https://doi.org/10.1037/0022-3514.82.4.663>
5. Neisser U., Boodoo G., Bouchard T.J. Jr., Boykin, A.W., Brody N., Ceci S.J., et al. (1996). Intelligence: Knowns and unknowns. *American Psychologist*, 51, 77–101.
6. Artech A., Chamorro-Premuzic T., Ackerman P., Furnham A. (2009). Typical intellectual engagement as a byproduct of openness, learning approaches, and self-assessed intelligence. *Educational Psychologist*, 29, 357–367. DOI: 10.1080 / 01443410902927833
7. Viinikainen J., Kokko K. (2012) Personality traits and unemployment: Evidence from longitudinal data, *Journal of Economic Psychology*, 33(6), p 1204-1222. DOI: 10.1016 / j.joep.2012.09.001
8. Roberts, B. W., Caspi, A., & Moffitt, T. E. (2003). Work experiences and personality development in young adulthood. *Journal of Personality and Social Psychology*, 84(3), 582–593. <https://doi.org/10.1037/0022-3514.84.3.582>
9. Thompson P. (2012) Teaching Teachers Through Open and Distance Learning. *Open Learning: A Journal of Open, Distance and E-Learning*. № 27 (3), 288-293.
10. Baker III F.W. (2017) An Alternative Approach: Openness in Education over the last 100 Years. *TechTrends*, 61(2), 130-140. <https://doi.org/10.1007/s11528-016-0095-7>
11. Федеральный закон "Об образовании в Российской Федерации" от 29.12.2012 N 273-ФЗ
12. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы ашықтықты және айқындықты қамтамасыз ету жөніндегі жемқорлыққа қарсы стандартын бекіту туралы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 174 бұйрығы)
13. Баяева Л.В. (2017) Проблемы и перспективы развития открытого дистанционного образования в условиях электронной культуры //Информационное общество, вып. 3, с. 48-59. <http://emag.iis.ru/arc/infosoc/emag.nsf/BPA/9883a19543e0bbc144258264003ec19f>
14. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік».
15. Бергсон А. (1994) Два источника морали и религии: пер. с фр. М. : Канон.
16. Поппер К. Р. (1992) Открытое общество и его враги: в 2 т.: пер. с англ. М.: Международный фонд «Культурная инициатива».
17. Хакен Г. (1985) Синергетика. Иерархия неустойчивостей в самоорганизующихся системах и устройствах. М.
18. Коротаева Е.В. (2019) Теория и практика педагогических взаимодействий: учебник и практикум для бакалавриата и магистратуры. М.: Издательство Юрайт. – 242 с.
19. Кох И. А. (2006) Социальная аномия и социальное управление//Социальная философия и социология. С. 62-71.
20. Кудайбергенова К.С. (2010) Құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде дамуының теориялық-әдіснамалық негіздері: пед. ғыл. док. ... дис. - Алматы. - 336 б.
21. Рахошкин А.А. (2005) Открытость образовательного процесса (на примере западноевропейской педагогики): моногр. / НовГУ им. Ярослава Мудрого. Великий Новгород.
22. Goldberg L. (1993) The structure of phenotypic personality traits. «The American Psychologist», 48».
23. Palmer J., Palmer L. (2002) Evolutionary Psychology. The Ultimate Origins of Human Behavior.
24. Носачев П.Г. (2008) У. Эко: путь от семиотики к онтологии //Вестник ПСТГУ I: Богославие. Философия. Вып. 3(23). С.33-44
25. Ясперс К. (2012) Философия: В 3 кн. / Пер. с нем. А.К. Судакова. М.: Канон+РООИ «Реабилитация».
26. Хайдеггер М. (1997) Бытие и время. М.: Ad Marginem.
27. Буданов В.Г. (2007) Синергетическая методология в постнеклассической науке и образовании // Синергетическая парадигма. Синергетика образования. М.: Прогресс-традиция. С. 174—211.
28. Төрт тұғыр: Ашықтық. 02 Ақпан, 2010. egemen.kz: <https://egemen.kz/article/1623-tort-tughyr-ashyqtyq>

Открытость в системе образования как предпосылка построения демократического общества

К.С. Кудайбергенова

Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
kulzada24@mail.ru

Концепция открытости рассматривается в метакогнитивном контексте на основе анализа философских и психологических работ, а его семантический характер резюмируется посредством эмпирических рассуждений. Открытость на основе изучения нормативных документов, в том числе государственных обязательных и антикоррупционных стандартов обобщается как необходимое условие построения демократического общества. Направления и принципы методологической и теоретической основы изучения понятия «открытость» отражают возможности изучения данного понятия как свойства, качества субъекта, активности взаимодействия с обществом. Автор отмечает, что принцип открытости в системе образования используется как средство изменения внешней формы, как стихийный фактор организации и проверки без методологического обоснования. Без активности внутреннего мотива внешней позиции недостаточно для изменения сознания, так как принцип открытости ориентирован на открытость сознания.

Ключевые слова: открытость, сознание, закрытое общество, гипнотический сон, социальная аномия.

Openness in the education system as a prerequisite for building a democratic society

K.S. Kudaibergenova

Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan
kulzada24@mail.ru

The concept of openness is viewed in a metacognitive context based on an analysis of philosophical and psychological works, and its semantic nature is summarized through empirical reasoning. Openness based on the study of regulatory documents, including state mandatory and anti-corruption standards, is generalized as a necessary condition for building a democratic society. The directions and principles of the methodological and theoretical basis for studying the concept of "openness" reflect the possibilities of studying this concept as a property, quality of the subject, and the activity of interaction with society. Attention is drawn to the fact that the principle of openness in the education system is used as a means of changing the external form, as a spontaneous factor of organization and verification without methodological justification. Without the activity of the internal motive, the external position is not enough to change consciousness, because the principle of openness is focused on the openness of consciousness.

Keywords: openness, consciousness, closed society, hypnotic sleep, social anomie.

Редакцияға 23.11.2020 түсті.